

# ПЕДАГОГИКАДА БАҒА ЖЕТПЕС МҰРА ҚАЛДЫРҒАН ТҰЛҒА

**Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы мен ғылыми мұралары үлттық ғылымның барлық саласында (философия, психология, педагогика, тарих, этнография, лингвистика) әр қырынан зерттелді.**

Жазушының шығармашылық және ғылыми-зерттеу жұмыстарында халық педагогикасы туралы жіті айтылады. Галым оған бірқатар мақаласын, ғылыми жаңалығын арнады, орасан зор жұмыстың нәтижесі ғалымның ізденістері, ғылыми мұраларының қомақты бөліміне негіз болды.

Тұнғыш рет жарық көргөн «Адам заттың негізі – әйел» атты мақаласында ұлт пен үрпақтың тақырыбын тұтас алғып, есеп ел ең бірінші бесігін, ал ол үшін әйелдің халін түзейтінін төрткүл дүниеге небәрі 23 жасында жария еткен М.Әуезов публицистикалық, көркем, драмалық мәтіндерінің бәріндегі әйел-ананы асқақтатты. Адамзат жаратылғалы бергі әйел адамның отбасынан басталатын бала тәрбиесіндегі рөлін дәріптеді.

Ең бастысы, қай қоғамның да мәдениеті мен рухани өсkenін, адамзат атаулының жан мен тән тәүелсіздігін танытатын ер мен әйел затының теңдік мәселесін алғашқылардың бірі болып дәріптеп, далалықтарға даналықтың дәнін себуге тырысты. Бүткіл дүние біткеннің бақыты мен бейбітшілігін бүтіндеуге, ел тұтастығын еншілер тіршілік тұтқасын ұстар әйел-ана қадірін түсініп, оның өз құқығына ие табиғи тұлғасын тұған топырағымызыда тұнғыш рет тілге тиек етіп, тура сөйлөген де Абай еді. Ұлы Абайдың алғы келген жаңалықтарын санамалай келіп, Мұхтар Әуезов езінің атакты «Абай Құнанбаев творчествосын зерттеудің маңызды мәселелері» деген зерттеуінде зейін қояр зерделі сөздер мен теориялық тужырымдар жасайды: «...Семьяга, ата-анаға, жас үрпақты тәрбиелеуге, әсіресе әйелге жаңа көзқарас қазақ әдебиетінің тарихында тұнғыш рет соншама айқындықпен, моральдық терендікпен айтылады.

лық және әлеуметтік өсу дәрежесімен байланыстыра қарастырыған.

«Тарихи өлеңдер» деп айтылатын төртінші тарауында тарихи уақыттарға байланысты тұған «Кенесары, Наурызбай», «Исатай Махамбет», «Бекет батыр» жырларының мазмұны мен мәні, шығу тарихына талдау жасалған.

М.Әуезовтің ойшил, галым-педагог ретінде танытқан іргелі жұмысының бірі – бастауыш мектеп багдарламасына сәйкес жазылып, 1930 жылы жарық көрген «Жеткіншек» атты ересек жастар мектебіне арналған оқу құралы. Кітаптың «Қазақстан» атты тарауында елдегі жер бедере, ауа райы, әкімшілік-территориялық орналасуы, халық шаруашылығы, жол қатынастары, ауыл мен қала арасындағы байланыстар туралы нақтылы дәректер беріледі. Автордың оқулықты бұлай қуруы тәліми-танымы жағынан педагогика заңдылықтарын ескергені көніл аудараптырайтайды. Өз өлкесін танып білу шәкірттерді патриотизмге, тұған өлкені қадір тұтып, сүйе білуге бірден-бір жол екені түсінкті. М.Әуезов көлтірген нақты дәректер, оның зерттеуші-социолог ретінде, оқу құралын жазуға көп еңбек сініргенін көрсетеді.

М.Әуезовтің үстаздық еңбегін сезеткенде, оның ұзақ жылдар бойы қазақ мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті тарихында лекция оқып, көлешек әдебиет зерттеушісі, педагогтар мен журналистерді тәрбиелеуге қосқан үлесін де айтпай кете алмаймыз. Сондай-ақ академик ұзақ жылдар бойы Қазақстан Үлттық ғылым академиясының әдебиет және өнер институтының фольклор белгімін басқара отырып, қазақ халқының байқазынасы – ауыз әдебиеті тарихының бірінші томының бас редакторы және дайындаушысы болуы, қыр-

М.Әуезов баспасөз беттерінде философия, педагогика, методикағының мен халық ағарту ісінің толып жатқан тақырыптарын көтерген. Мәселен, «Абай» журналының 1918 жылғы 1 санында жарық көрген «Фылым» атты макаласында: «Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, ескен орта, алған улгі, өнеге білімінен және түзелу, бұзылу жас уақытта болады... Кепшілікті адам шылықта тәрбиелу қажет...», -деп жазды М.Әуезов. Көп ой керек, ойлау үшін оқу керек, және оқу әр таралтан маглұмат беріп, ақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңіліне жақсылықпен тәрбие беру керек.

Ғалым-устаз еліміздегі жалпы педагогика теориясы мен тарихының салаларында арнаулы зерттеу жүргізбенімен, оқу және оқыту әдістемесіне айрықша мән берген. Өзінің «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбегінде үлттық психологияның жекелеген тақырыптарын қазақтың аудыз әдебиеті үлгілері нұсқасынан іздестіріп, қоса қарастырып, ғылыми түрғыда зерттеді. Үлттық әдебиеттің шығу тарихын теренінен қарастырып, аудыз әдебиеті үлгілерін талдады. М.Әуезовтың бұл тұңғыш оқулығы 1925 жылы Ленинградта оқып жүргендеге жазылып, 1927 жылғы Қазақстаниң сол кездегі астанасы Қызылорда қаласында «Ел әдебиеті» деген атпен басылып шықты. Оқулық аудыз әдебиетін жаңар түрлеріне қарай талдауга арналған жеті бөлімнен тұрады.

Бірінші тарау «Сыншылдық салт-дәстүр өлеңдері» деген аталағы. Осы тараудың «Ел салтындағы шер өлеңдері» деген білімшесінде қазақтың тұрмыстық-салт дәстүрлеріне байланысты шыққан жоқтау, ескеरту, қоштасу, көніл айту, т.б. өлең түрлерінің мазмұны мен тәлімдік мәніне терең талдауга көніл белген.

«Дінге байланысты өлеңдер» деген білімінде жарапазан өлеңдерінің түрлері мен шығу тарихына тоқталған. Діни өлең-жырлардың шығу тарихын халықтың мәдени, экономика-

ғыздың эпосы «Манас» туралы зерттеу еңбегін жазуы, Абайдың «Ақын»дың қызметі жайындағы монографиясы, т.б. оның казак мәдениетін терең зерттеп, әлем ғалымдары алдында көрсетуге сіңірген үшан-теніз мол еңбегінің бір үшігі ғана деп қаруаға болады.

Корыта келгенде, ғалым, педагог, қоғам қайраткері М.Омарханұлы аса күнды еңбектері үшін тұған халқының зор құрметтіне бөленип, шығармашылық сатының ең жоғары басқышына көтерілді. Ұлы жазушының таланттың шарықтатып көркемдік да мудың шырқау білігіне жеткізген өмір жолы курделі болды. Ол дамылсыз ізденудің, табанды еңбектенудің кынқыстау жолдарынан етті. Қазақ еліне педагогика саласында баға жетпес, асыл мұра еңбектерінде негізін қалап, айшықты құндылық қалдырыды.

М.Әуезовтің артында қалған бай әдеби-ғылыми мұрасы әдебиетшінің, оның қаламгерлік қарымының, ойарманы мен мақсат-муратының биік мұдделері туралы сыр шертуге үлкен темірқазық екені баршага мәлім. Жазушы, драматург, әдебиетші ғалымының өлмес туындылары ұлы суреткердің жеке басының зиялдығының, асқақ азаматтығының, қаламгердің шығармашылық қызметте де шексіз адал болуының жарқын өнегесі болып қала береді.

**Е.ОМАР,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің  
профессоры, п.ғ.д,**

**Б.АЛЫМОВА,  
«Ақпараттық  
коммуникациялық  
технологиялар»  
кафедрасының  
магистр-оқытушысы,**

**Н.АЛЫМОВ,  
«Автоматтандыру,  
телекоммуникация және  
басқару» кафедрасының  
ага оқытушысы**